

5-сынып. Олимпиадаға дайындық курсы

8-сабақ

Тақырып: Лингвистика

Сынып жұмысы

Ежелгі жазулар

Орталық Еуропадағы қазба жұмыстары кезінде археологтар б. з. д. II мыңжылдықтың екінші жартысындағы салттық қола орақтарды және басқа заттарды табады. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, бұл белгілердің кем дегенде бір бөлігі сандық мәнге ие. Солардың ішіндегі Қазіргі Германия аумағында табылған қола орақтардан кейбір белгілер сандарды білдіретіні анықталды.

1-есеп. Қазіргі Германия аумағында табылған қола орақтардан кейбір белгілер және олардың сандық мәндері (аралас тәртіпте) берілген:

\\, /\, //, ///, \\\, \\\, \\\

3, 7, 11, 15, 18, 21

Дұрыс сәйкестікті орнатыңыз. Шешіміңізді түсіндіріңіз.

2-есеп. Санмен жазыңыз:

//, ///, \\\, \\\, \\\, \\\

3-есеп. Келесі сандарды орақтардағы жазулардың авторлары сияқты жазыңыз :

6, 25, 10.

4-есеп. Бір оқушы есепті шығару кезінде осы жүйенің көмегімен үш санды жазды:

//, \\\, \\\, \\\, \\\, \\\

Ол барлық сандарды дұрыс жазды ма? Барлық сандарды цифрмен жазып, оқушыны қажет болған жағдайда түзетіңіз.

Немістер сандарды қалай айтады?

Қазақ тілінде сандарды айту өте жеңіл және басқа тілді адамдарға сандар айтылуының негізгі заңдылығы мен логикасын түсіну өте жеңіл. Бірақ неміс тілінде сандарды оқу біздің тілден едәуір ерекше. Кейбір сандардың оқылуы біздегі ең ұзын «қанағаттандырылмағандықтарыңыздан» деген сөздің әріптерінен де көп. Келесі бетте бірнеше сандардың айтылуы және аудармалары берілген. Соларға қарап тапсырмаларды орындауыңыз керек болады. Сәттілік!

5-есеп. Төменде 1-19 аралығындағы сандармен орындалған мысалдар көрсетілген. Берілген ақпараттарға сүйене отырып дұрыс нұсқаларды сәйкестендіріңіз

Неміс тілінде	Сандар түрінде
1) eins+zwei= drei	A) 16-15=1
2) fünf + sechs =elf	B) 12-2=10
3) zwölf-zwei= zehn	C) 1+2=3
4) vierzehn-vier= zehn	D) 19-8=11
5) vier+neun=dreizehn	E) 7+5=12
6) neunzehn-acht= elf	F) 14-4=10
7) sechzehn-fünfzehn= eins	G) 4+9=13
8) sieben+ fünf=zwölf	H) 5+6=11

6-есеп. Бірнеше сандардың айтылуына мысалдар көрсетілген. Берілген ақпараттарға сүйене отырып бос орындарды толтырыңыз

60	sechzig
21	einundzwanzig
32	zweiunddreißig
45	fünfundvierzig
58	achtundfünzig
73	dreiundsiebzig
99	neunundneunzig

Неміс тілінде	Сандар
fünfundachtzig	
siebenundsechzig	
	30
achtundsiebzig	
	41
	50
	22
dreiundneunzig	

7-есеп. Бірнеше сандардың айтылуына мысалдар көрсетілген. Берілген ақпараттарға сүйене отырып қандай сандардың немісше жазылғанын анықтаңыз

121	einhunderteinundzwanzig
439	vierhundertneununddreißig
2780	zweitausendsiebenhundertachtzig
6149	sechstausendeinhundertneunundvierzig

Einhundertfünfundvierzig-

Zweihundertsechsunndreißig-

Dreitausendfünfhundert-

Achtundachtzigtausendneunhundertachtundfünfzig-

Криптография

Цезардың шифры

Бұл шифрлау әдісі атақты Рим императоры Юлий Цезарь атынмен аталады. Бұл әдісті өзі ойлап таппаса да, өзінің жауларына хабарламалардағы құпияларды білдіртпеу үшін өте жиі қолданған. Бұл әдіс өте қарапайым, жай ғана әліпбидегі әрбір әріптің реттік нөмірлерін бірнеше қадамға қозғалту. Мысалы 1 қадамдық қозғалыста әліпбидің соңындағы *a* әрпі, алфавит басындағы *ä* әрпімен ауысады. Техника тілінде 2 қадамға қозғалған шифрлауды *ROT2* дейді.

8-есеп. Төменде қазақ әліпбиі берілген. Соған қарай отырып, **ROT4** шифрлауын қолданып, мәтелді құпияландыр.

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
А	Ә	Б	В	Г	Ғ	Д	Е	Ё	Ж	З	И	Й	К
15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	27	28
Қ	Л	М	Н	Ң	О	Ө	П	Р	С	Т	У	Ұ	Ү
29	30	31	32	33	34	35	36	37	38	39	40	41	42
Ф	Х	Һ	Ц	Ч	Ш	Щ	Ъ	Ы	І	Ь	Э	Ю	Я

Есеп білмеген – есек,

9-есеп. Төменде қазақ әліпбиі берілген. Соған қарай отырып, **ROT2** шифрланған сөйлемді анықтаңыз

жслэ ңьө вулжстёэ гбұьумб, жслэ ңьө вулжстёэ пөұхууэллж иэгжст.

10-есеп. Төменде қазақ ғұламасының сөздері Цезарь шифрлауы арқылы жасырылған. Қозғалыс қадам санын анықтаңыз. Толық расшифровка жасап шығыңыз. Авторы кім? Атауы қалай?

Ёэңэо үвттвл овнүвөғв.

Руэө үвттвл ғвтүвөғв.

Нховуңвөөт ывүүвөғв.

Рлөвт ғрұнв мһңфез.

Ғзұ өгуұзжзө нвыэн ғрң,

Ғзұ өгуұзез вұэн ғрң,

Вжво ғрңво жзүзпюк.